

МАЗМҰНЫ

ADAM MICKIEWICZ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚЫСҚЫ МЕДИА МЕКТЕП (<i>Ақылбек.А</i>).....	2
ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ ДИАНА СКАТОВАМЕН ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ(<i>Үсен.А</i>).....	3
ЖАСТАРҒА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҰСЫНЫЛДЫ (<i>Бағдат.А</i>).....	6
ЧЕМПИОНДАР ЖОЛЫ: ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ (<i>Есжан.А</i>).....	8
MOUNTAIN KINGS МАУСЫМДЫ КҮЙГЕНСАЙДАН БАСТАДЫ (<i>Икина. Н</i>).....	10
ХАТУ-ДА ӨТКЕН СТАРТАП КЕЗДЕСУІ (<i>Батырғазы.А</i>).....	12
МАГИСТРАНТТАРҒА ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ (<i>Жакипова.Ж</i>).....	14
АКТИВИСТТЕР ВОЛЕЙБОЛЫ:ДОСТЫҚ, БӘСЕКЕ ЖӘНЕ ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚ СӘТТЕР!(<i>Сәбит.Е</i>).....	16
СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕЗДЕСУ (<i>Батай.М</i>).....	18
ТОЛҚЫН FEST: МУЗЫКА ТОҒЫСТЫРҒАН КЕШ (<i>Есжан.А</i>).....	20
ALL SHADOWS BATTLE ІІТУ 2026: БИ ЖАРЫСЫ (<i>Батырғазы.А</i>)....	22
ӨШПЕС ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ (<i>Сәбит.Е</i>).....	24
СИРЕНЕВЫЙ ПРОРЫВ – 2026: PR САЛАСЫ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ (<i>Үсен.А</i>).....	26
БҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН ВОРКШОП (<i>Ақылбек.А</i>).....	28
ІШКІРСАЙЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ: ІІТУ СУР ҚОРЫТЫНДЫСЫ (<i>Бағдат.А</i>).....	30
ЖЕҢІСКЕ ДЕГЕН ЖІГЕР: ЕКІ ТАЙМ – ЕКІ НӘТИЖЕ (<i>Икина.Н</i>)....	32
ГЕЙМДЕВ ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ(<i>Жақсыбай.А</i>).....	34
«BILIMNASK ALMATY – 2026» ҚАЛАЛЫҚ ХАКАТОНЫ (<i>Жакипова.Ж</i>).....	36
«ТАЗА ҚАЛА» ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ (<i>Ералы.М</i>).....	37
MISS IT 2026 – ХАТУ КОЛЛЕДЖІНДЕ АРУЛАР БАЙҚАУЫ ӨТТІ (<i>Батай.М</i>).....	40
ХАТУ-ДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР (<i>Ералы.М</i>).....	42

ADAM MICKIEWICZ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ҚЫСҚЫ МЕДИА МЕКТЕП



Бұл халықаралық бағдарламаға Қазақстаннан Халықаралық технологиялар университетінің студенттері қатысып, медиа, пропаганда, ақпараттық қауіпсіздік, дезинформация және тарихи нарратив тақырыптарындағы дәрістер мен талқылауларға белсенді түрде қатысты.

2026 жылдың 26–28 ақпан күндері Adam Mickiewicz University университетінде «Media – Conflicts – Propaganda: Communication Studies-тегі ескі және жаңа көзқарастар» атты қысқы медиа мектебі өтті.



Үш күндік бағдарлама барысында қатысушылар қазіргі медианың қоғамдағы рөлі, ақпараттық соғыстардың ерекшеліктері және халықаралық медиа саласындағы өзекті мәселелерді жан-жақты талдауға мүмкіндік алды.



Бағдарламаның ашылу салтанатын университеттің халықаралық жобалар және ынтымақтастық жөніндегі вице-деканы Агнешка Степиньска жүргізді. Ол өз сөзінде қазіргі әлемде ақпараттың маңызы артып келе жатқанын, сондықтан медиа саласындағы зерттеулердің ерекше мәнге ие екенін атап өтті.





Вице-декан сөзінде студенттерге медианың қоғамдағы ықпалын түсінудің, ақпараттық манипуляция мен пропагандаға қарсы тұрудың қаншалықты маңызды екенін жеткізді.



Сонымен қатар ол бағдарламаның негізгі мақсаты – түрлі елдерден келген студенттер мен зерттеушілерге медиадағы қақтығыстар, пропаганда және дезинформация мәселелерін ғылыми тұрғыда талқылауға мүмкіндік беру екенін атап өтті. Бағдарламаның алғашқы күні соғыс тақырыбындағы кинематографияға арналған арнайы воркшоппен басталды. Бұл сабақта саяси киноны талдау тәсілдері қарастырылып, фильмдердегі идеология мен саяси идеялардың қалай көрерменге жеткізілетіні жан-жақты талданды.



Воркшопты Якуб Якубовски жүргізіп, қатысушыларға кинодағы символдар мен тарихи метафораларды оқу әдістерін үйретті. Сонымен қатар қатысушылар «Looks Who's Back» атты фильмді көріп, оның мазмұны бойынша пікірталас өткізді.



Үш күндік бағдарлама аясында студенттер үшін университет кампусы бойынша экскурсия да ұйымдастырылды. Бұл шара ХАТУ студенттеріне Польшадағы білім беру ортасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Қысқы медиа мектебі барысында алынған білім мен тәжірибе студенттерге медиа саласындағы кәсіби қызметінде, ақпараттық жобалар мен зерттеулерде қолдануға өте пайдалы болды.

Жалпы алғанда, Познань қаласындағы қысқы медиа мектебі ХАТУ студенттері үшін маңызды әрі құнды тәжірибе болды. Олар халықаралық дәрістерге қатысып, қазіргі медианың қоғамдағы ролін, ақпараттық соғыстар мен пропаганданың ерекшеліктерін терең түсінді.



ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ ДИАНА СКАТОВАМЕН ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ



11 ақпан күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде медиа саласына қызығушылық танытқан студенттерге арналған ерекше кездесу өтті. Университет қабырғасында кәсіби тележүргізуші, журналист Диана Скатова қатысуымен «Медиа шеберлік: экрандағы кәсіби тәсілдер» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында спикер телевизия саласындағы жеке тәжірибесімен бөлісіп, медиа саласына қалай келгені туралы айтып берді. Ол өз жолында кездескен қиындықтар, алғашқы қадамдар мен кәсіби дамудың маңызы туралы сөз қозғап, болашақ журналистерге мотивация берді.




Шеберлік сағаты тек теориялық әңгімемен шектелмей, практикалық форматта өтті. Диана Скатова студенттерге тележүргізушілер үшін маңызды дауыс жаттығуларын көрсетіп, дұрыс сөйлеу техникасы мен дикцияны дамыту жолдарын түсіндірді.



Шеберлік сағаты тек теориялық әңгімемен шектелмей, практикалық форматта өтті. Диана Скатова студенттерге тележүргізушілер үшін маңызды дауыс жаттығуларын көрсетіп, дұрыс сөйлеу техникасы мен дикцияны дамыту жолдарын түсіндірді. Қатысушылармен бірге түрлі жаттығулар жасап, эфир алдында дауыс пен тынысты қалай дұрыс басқару керектігін тәжірибе жүзінде көрсетті.



Кездесу барысында студенттер белсенді түрде сұрақ қойып, спикермен кері байланыс орнатты. Қонақ спикер тележурналистикада өзін дамыту, камера алдында сенімді болу, аудиториямен байланыс орнату секілді маңызды кәсіби кеңестермен бөлісті. Іс-шара студенттер үшін өте қызықты әрі пайдалы өтті. Мұндай кездесулер болашақ журналистерге кәсіби бағыттарын айқындап, медиа саласының қыр-сырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.





Шеберлік сағаты барысында тележүргізуші экран алдындағы мәдениет, өзін-өзі ұстау және аудиториямен байланыс орнатудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, журналист үшін тек ақпаратты жеткізу ғана емес, сонымен қатар көрерменге сенімді әрі әсерлі түрде ұсыну да үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, спикер телевизия саласында табысқа жету үшін үздіксіз ізденіс пен еңбек қажет екенін атап өтті.



Кездесу соңында қатысушылар спикерге алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсті. Болашақ журналистерге өз дағдыларын үнемі жетілдіріп, көп тәжірибе жинақтаудың маңызын айтты. Мұндай тәжірибелік кездесулер студенттерге болашақ кәсіби жолдарын айқындап, медиа саласының қыр-сырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.



Мұндай тағылымды кездесулер болашақ мамандардың тәжірибе жинақтауына және медиа саласында өз жолын табуына маңызды мүмкіндік болып табылады.

Студенттердің айтуынша, мұндай шеберлік сағаттары теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға және болашақ мамандыққа деген қызығушылықты арттыруға үлкен ықпал етеді. Қорытындылай келе, Диана Скатовамен өткен бұл кездесу студенттер үшін мазмұнды әрі пайдалы болды. Шеберлік сағаты қатысушыларға тележурналистиканың ерекшеліктерін жақынырақ танып, кәсіби дағдыларын дамытуға жаңа серпін берді.



Осындай шеберлік сағаттары студенттерге жаңа идеялар мен шабыт беріп қана қоймай, болашақ мамандықтарына деген сенімділігін арттыра түседі. Университет қабырғасында ұйымдастырылатын мұндай танымдық кездесулер алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенім бар. Тікелей сала мамандарымен жүздесу арқылы білім алушылар медиа индустрияның шынайы талаптары мен ерекшеліктерін жақсырақ түсіне алады.



ЖАСТАРҒА ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ҰСЫНЫЛДЫ



Аталған іс-шара студенттердің әскери салаға деген қызығушылығын арттыру және болашақ мамандарды мемлекеттік қызметтің мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында өткізілді.

29 қаңтар күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды.



Кездесу барысында қатысушылар әскери қызметке орналасу тәртібі, келісімшарт негізіндегі қызметтің ерекшеліктері, еңбекақы жүйесі, әлеуметтік кепілдіктер мен мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары туралы жан-жақты ақпарат алды.



Сонымен қатар, тұрғын үймен қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету, зейнетақы жүйесі және қызмет барысында берілетін жеңілдіктер жөнінде нақты түсіндірме берілді.

Іс-шараға Шекара қызметінің аға офицері, ОВиҚР майоры Байконуров Руслан Серікұлы қатысып, әскери қызметтің маңыздылығы мен жауапкершілігі туралы баяндады.






Ол студенттерге кәсіби даму жолдары, мансаптық өсу мүмкіндіктері және әскери қызметтің ерекшеліктері жөнінде кеңінен тоқталды.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, әскери саладағы мансаптық перспективалар туралы толыққанды жауап алды.



Іс-шара жастардың үлкен қызығушылығын тудырып, мемлекеттік және әскери қызметті болашақ кәсіби бағыт ретінде қарастыратын студенттер үшін маңызды ақпараттық алаңға айналды. Сонымен қатар, іс-шара аясында студенттерге Шекара қызметіндегі нақты қызмет бағыттары, оның ішінде ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, байланыс жүйелері және аналитикалық бөлімдердің жұмысы туралы қосымша мәлімет берілді.



Кездесу соңында ұйымдастырушылар мұндай танымдық іс-шаралардың алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті. Университет пен күштік құрылымдар арасындағы өзара ынтымақтастық студенттердің тәжірибелік көзқарасын кеңейтіп, еңбек нарығында сұранысқа ие, ел қауіпсіздігіне үлес қоса алатын білікті кадрларды даярлауға ықпал ететіні ерекше атап өтілді.

Сондай-ақ, мұндай кездесулер жастардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, Отанға адал қызмет ету құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған маңызды тәрбиелік маңызға ие екені атап өтілді.



ЧЕМПИОНДАР ЖОЛЫ: ҚАЗАҚ БОКСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

2026 жылдың 2 ақпанында Халықаралық Ақпараттық Технологиялар университетінде Қазақстан боксының тарихы мен жетістіктеріне арналған кездесу өтті. Оған Қазақстан бокс федерациясының өкілдері мен студенттер қатысты.



Кездесу барысында қатысушылар қазақ боксының қалыптасу кезеңдері, халықаралық аренадағы жетістіктері және болашақтағы даму бағыттары жөнінде әңгімеледі.



Сондай ақ спорттың ел имиджін нығайтудағы және жастарды тәрбиелеудегі маңызы ерекше екені атап өтілді.



Бокс тек жарыс пен жеңіс ғана емес, ол – тәртіп, төзімділік және рухани күшті қалыптастыратын маңызды мектеп екені айтылды. Спикерлер өз сөздерінде Қазақстан боксшыларының әлемдік деңгейдегі табыстары мен олардың ел спортының дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.



Мұндай кездесулер жастарға үлгі болады.

Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында жеңіске жеткен спортшылардың жетістігі ұлттық спорттың беделін арттырып, жас спортшыларға үлкен мотивация беріп отырғаны айтылды.



ҚАЗАҚСТАН БОКСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ БОКС КАЗАХСТАНА: ВЧЕРА И СЕГОДНЯ



Шара аясында қазақ боксының 85 жылдық тарихына арналған деректі фильмнен үзінді көрсетіліп, профессор Қасым Мауленовтың «Геннадий Рожков» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта қазақстандық бокстың дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегі мен спорт тарихындағы маңызды кезеңдер қамтылған.

Автор еңбегінде қазақ боксының қалыптасуындағы тарихи тұлғалардың қызметі мен олардың спорт саласындағы рөлі кеңінен сипатталады.



Кездесу соңында қазақ боксының дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерге «Қазақстан боксының ардагері» құрметті төсбелгісі табысталды.



Кездесуде студенттер ардагер спортшылармен сұхбаттасып, олардың тәжірибесімен танысты. Іс-шара жастарға мотивация берді. Сонымен қатар, бұл кездесу Қазақстан боксының тарихын насихаттап, жастарға үлгі болды.



Аталған марапатқа Абдрахманов К.Б., Килимов А.С., Юрченко М.Ю., Жақсыбаев К.К., Сабитов М.С., Дүйсебаев Ч.Ж., Боранчиев С.С., Наурызбаев М.К., Кабазиев Б.М., Мауленов Қ.С., Кшибеков Т.Д. және Галаев А.И. ие болды. Бұл марапат олардың көп жылдық еңбегі мен қазақ боксының дамуына қосқан зор үлесінің белгісі ретінде табысталды.



MOUNTAIN KINGS МАУСЫМДЫ КҮЙГЕНСАЙДАН БАСТАДЫ

Ақпанның 8-і Mountain Kings ұйымы кезекті сапарын Алматының танымал бағыттарының бірі — Күйгенсайдан бастады. Бұл ұйымның алғашқы жорығы емес: бұрын да бірнеше рет дәл осы бағыт таңдалып, қатысушылардың есте қаларлық жорығы ретінде орын алған болатын.



Күйгенсай — Алматы маңындағы көп жылдан бері танымал тау бағыттарының бірі. Кеңес дәуірінде бұл аймақта орманды өрттен қорғауға арналған бақылау бекеттері орналасқан.

Таңғы 09:30-да Медеу фонтанының жанында 20 адам жиналды. Қатысушылардың көпшілігі — студенттер, кейбіреулері бұрыннан ұйыммен бірге шығып жүрген тұрақты мүшелер. Күн ерекше, аспан ашық болып тұрды. Күн сәулесінің жарқырай түсуі жорықты одан әрі көңілді етіп, барлығына жақсылыққа толы бір күн болатынын сездіргендей. Жолда басқа да табиғат аясын таңдаған адамдар көп кезікті — бұл да таудағы көріністі жандандыра түсті.



Күйгенсайдың табиғаты жаяу серуен үшін өте қолайлы — биік тастар, өзен бойымен жалғасатын соқпақтар, қалың ағаштар мен таза ауа қатысушыларды әрдайым өзіне тартады.

Қатысушылар бір-бірімен танысып, түрлі тақырыпқа әңгіме өрбитті. Көңіл күй жоғары, эмоциялар жарқын болды.



Осындай ортада жаңа адамдармен танысып, ортақ қызығушылық табу да әрдайым ерекше әсер қалдырады. Ұйым лидері Таир Джанаев топқа бағыт-бағдар беріп, қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп қана қоймай, жорық жолындағы табиғи ерекшеліктер туралы да қызықты деректермен бөлісті.





Гидтің айтқан мағлұматтары студенттер үшін пайдалы әрі танымды болды: тауда жүріс-тұрыс мәдениеті, маршрут тарихы, аймақтағы экожүйенің ерекшеліктері туралы ақпарат көпшіліктің қызығушылығын оятты.



Күйгенсайдың төбесіне көтерілген соң қатысушылар табиғаттың әсем көрінісін тамашалап, ыстық шай ішіп, алып келген тағамдармен бөлісті.




Маршруттың ең әсерлі тұстарының бірі — аспалы көпірден өту болды. Бұл сәт әр қатысушыға ерекше әсер сыйлап қана қоймай, жорыққа күтпеген шытырмандық элемент қосты. Көпірдің жеңіл тербелісі, астындағы өзеннің сылдыры және биіктікті сезіну студенттер үшін қиын көрінгенімен, топтың бірлігі мен көңілді әңгімелер ауырлықты сездірмей, барлығы күш-жігермен алға жылжып отырды. Бұлда есте қаларлық оқиға болды.

“Күйгенсай” атауы да осыдан туындаған: орман алқабындағы өрт қауіпсіздігін қадағалайтын қызмет орны деген мағына береді. Уақыт өте келе бұл аймақ табиғатының көркемдігімен, ауа райының жайлылығымен және қолжетімді тау жолымен қала тұрғындары мен қонақтары демалатын басты бағыттардың біріне айналды.



Бұл жорық ұйымның тағы бір сәтті сапары болды. Ол қатысушыларды жана эмоциялармен сусындатып қана қоймай, командашілік байланысты нығайтты. Алда ұйымды одан да қызықты бағыттар, жаңа достықтар мен ұмытылмас естеліктер күтіп тұрғаны анық.

ХАТУ-ДА ӨТКЕН СТАРТАП КЕЗДЕСУ




Ақпанның 11-і күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде осындай іс-шара өтті.

Іс-шарада бірнеше спикер сөз сөйлеп, стартапты идеядан нақты жобаға дейін жеткізу жолдарын түсіндірді.



Кездесу барысында спикерлер өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, жобаны бастау кезінде қандай қадамдарға мән беру керектігін, команда құрудың маңызын айтып өтті. Олар стартап жолында кездесетін қателіктерден қорықпау керектігін, керісінше сол қателіктер дамуға мүмкіндік беретінін атап өтті.



Спикерлер студенттермен бірге ойындар өткізіп, ой қозғайтын тапсырмалар берді.



Шара студенттердің белсенділігін арттырып, пікір алмасуға мүмкіндік берді.



Сонымен қатар, іс-шара барысында сұрақ-жауап сессиясы өтті. Ашық диалог қатысушылардың іс-шарадан алатын тәжірибесін одан әрі тереңдетті.



Спикерлер мысалдар арқылы стартаптың табысты болуы жүйелі жұмыс пен дұрыс стратегияға байланысты екенін айтты.

Enactus ұйымы шарада қызық ақпараттар ұсынды.



Шара networking форматында жалғасын тапты. Студенттер ортақ қызығушылықтары мен болашақ жоспарлары жайлы әңгімелесті. Мұндай кездесулер жаңа идеялардың туындауына және бірлескен жобалардың басталуына жол ашды.



Қатысушылар стартап тек бизнес емес, сонымен қатар қоғамға пайда әкелетін әлеуметтік жоба бола алатынын түсінді.



Жалпы алғанда, бұл іс-шара студенттерге шабыт беріп, белсенді болуға және өз идеяларын іске асыруға ынталандырды.

Осындай кездесулер болашақта да жалғасын тауып, дамуға серпін береді.

МАГИСТРАНТТАРҒА ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Университеттің мәжіліс залында магистранттарға диплом табыстау салтанатты жағдайда өтті. Екі жыл бойы үздіксіз білім алып, ғылыми зерттеулермен айналысқан түлектер магистр дәрежесін ресми түрде иеленді. Бұл күн – олардың еңбегі мен табандылығының нақты нәтижесін айқындайтын маңызды белес болды.




Рәсімге оқу орнының басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, ата-аналар мен студенттердің жақындары қатысты. Салтанатты жиынды университет ректоры ашып, магистратура – терең білім мен ғылыми ізденістің мектебі екенін атап өтті. Ол магистр атанған жас мамандардың болашақта өз саласының дамуына үлес қосатынына сенім білдірді.

Шара барысында түлектердің оқу жылдарындағы жетістіктері көрсетіліп, олардың ғылыми жобалары мен белсенді қоғамдық жұмыстары ерекше аталып өтті. Көрермендер экраннан студенттік өмірдің әсерлі сәттерін тамашалап, әр жетістікке зор қошемет көрсетті.



Диплом табыстау сәті кештің ең толқулы бөлігіне айналды. Әр магистрант сахна төріне көтеріліп, қолына диплом алған сәтте зал ду қол шапалаққа бөленді.



Түлектер атынан сөз сөйлеген жас мамандар ұстаздарына шынайы алғыс білдіріп, екі жыл ішінде алған білім мен тәжірибе олардың болашақ кәсіби жолына берік негіз болатынын айтты. Олар университет қабырғасында өткен уақыттың тек білім ғана емес, тұлғалық даму кезеңі болғанын ерекше атап өтті. Олар университет қабырғасында өткен уақыттың тек білім ғана емес, тұлғалық даму кезеңі болғанын ерекше атап өтті.



Бұл белес – олардың өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы. Магистратура қабырғасында қалыптасқан сыни ойлау, терең талдау, ғылыми мәдениет пен жауапкершілік сезімі енді кәсіби ортада өз жалғасын табады. Бүгін сахна төрінде диплом алып тұрған жас мамандар – ертеңгі зерттеуші, сарапшы, басшы, жаңашыл идеялардың авторы.

Ұстаздар үшін бұл күн – шәкірт еңбегінің нәтижесін көру, білім мен тәрбиенің зая кетпегенін сезіну сәті. Ата-аналар үшін – перзент мақтанышы. Ал түлектер үшін – үлкен өмірге жасалған нық қадам.

Сонымен қатар шара барысында ата-аналар да сөз алып, оқу орны ұжымына ризашылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, магистратура жылдары жастардың жауапкершілігін арттырып, кәсіби тұрғыда шыңдалуына үлкен ықпал еткен. Бұл – ұстаздар мен студенттердің бірлескен еңбегінің нәтижесі.



Магистр дәрежесін иелену – жай ғана диплом алу емес, бұл – талмай ізденудің, ұйқысыз өткен түндердің, ғылыми талдаулар мен табанды еңбектің жемісі. Екі жыл бойы аудитория мен кітапхана арасында, зертхана мен конференция залында өткен әрбір күн бүгінгі салтанаттың іргетасын қалады. Әр магистранттың артында үздіксіз оқу, ізденіс, күмән мен сенім, жеңіс пен тәжірибе жатыр



Ұстаздар үшін бұл күн – шәкірт еңбегінің нәтижесін көру, білім мен тәрбиенің зая кетпегенін сезіну сәті. Ата-аналар үшін – перзент мақтанышы. Ал түлектер үшін – үлкен өмірге жасалған нық қадам.



Бұл белес – олардың өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы. Магистратура қабырғасында қалыптасқан сыни ойлау, терең талдау, ғылыми мәдениет пен жауапкершілік сезімі енді кәсіби ортада өз жалғасын табады. Бүгін сахна төрінде диплом алып тұрған жас мамандар – ертеңгі зерттеуші, сарапшы, басшы, жаңашыл идеялардың авторы. Түлектерге алдағы уақытта сәттілік тілеп, шын жүректен құттықтаймыз.



АКТИВИСТТЕР ВОЛЕЙБОЛЫ: ДОСТЫҚ, БӘСЕКЕ ЖӘНЕ ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚ СӘТТЕР!



Ақпанның 11-і Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университетінің спорт залы ерекше энергияға толы болды.

Университет активінің өкілдері — студенттік ұйымдардың көшбасшылары арасында волейболдан жарыс өтті.



Бұл тек спорттық жарыс емес, студенттік өмірдің қызу ырғағында белсенді қызмет атқаратын, жаңа байланыстар орнатуға және ескі достармен уақыт өткізуге мүмкіндік беретін тамаша іс-шара болды. Ойын басталардан бұрын спортзалда көңілді күлкі мен позитивті атмосфера сезілді.



Қатысушылардың көбісі волейболды бұрыннан білетін болса, кейбіреулері үшін бұл жаңа тәжірибе еді, бірақ бәрі жақсы уақыт өткізіп, командалық рухты көрсету мақсатында келді.



Әрбір ұпайға деген күрес қызу болды, жеңімпаздар соққан допты қуанышты айқаймен қарсы алды.



Ойын барысында командалар жеңіске жету үшін бар күшін салды. Ойыншылар арасындағы тактикалық шешім көрермендерді таңғалдырды.



Бұл іс-шараның басты ерекшелігі – достық пен бірлікте. Қатысушылар бір-бірін қолдап, жеңіске жеткенде де, ұтылғанда да бірге қуанды және бірге көңілденді.

Ұйымдастырушылар студенттік өмірде спорттың маңызы зор екенін көрсетті.



Мұндай іс-шаралар студенттердің физикалық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың арасындағы байланыстарды нығайтып, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытады.



Бұл күн университет өміріндегі жарқын бет болып қалды, ол студенттік бірлестіктің күшін, спортқа деген сүйіспеншілігін және белсенді өмір салтын насихаттауға деген ұмтылысын көрсетті.



Спорт залының дуалдары арасында естілген күлкі, жарыстың қызуы мен жеңістің тәтті дәмі ХАТУ активінің есінде ұзақ сақталады.



Осындай іс-шаралар ХАТУ-дағы студенттік өмірдің ажырамас бөлігі болып қала береді деп үміттенеміз!

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕЗДЕСУ

2026 жылдың 12 ақпанында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде студенттерге арналған құқықтық-түсіндіру кездесуі өтіп, мамандар жеке бостандық пен қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін талқылады.



Іс-шараға прокуратура органдарының қызметкерлері, адвокаттар қауымдастығының өкілдері және заң саласының тәжірибелі мамандары қатысып, жастарға өзекті құқықтық мәселелер бойынша жан-жақты ақпарат ұсынды.

Кездесудің басты мақсаты — студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру, жеке бостандық ұғымының құқықтық табиғатын түсіндіру және тұрмыстық зорлық-зомбылық, сталкинг, токсикті қатынастар секілді құқықбұзушылықтардың алдын алу.



Кездесу ашық диалог форматында ұйымдастырылып, студенттер мамандарға тікелей сұрақ қойып, нақты әрі тәжірибелік жауаптар алды.

Студенттер көбіне онлайн қудалау, жеке деректерді пайдалану және қауіпті жағдайларда қалай әрекет ету туралы сұрады.

Спикерлер өз баяндамасында нақты мысалдар мен тәжірибелік кеңестерге басымдық берді.



Қалиева Джамила Булатовна Алматы қаласының адвокаттар қауымдастығының өкілі, сталкинг, токсикалық қағынастар және «қыз ұрлау» сияқты құқық бұзушылықтардың салдарын түсіндіріп, нақты мысалдар арқылы заңның қалай жұмыс істейтінін көрсетті.



Абдикаримова Асель Салмановна Алматы ауданы прокуратурасының аға прокуроры, құқық бұзушылықты алдын алу жолдарын және қылмыстық пен әкімшілік жауапкершілік айырмашылығын түсіндірді.



Шара соңында спикерлер мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, құқықтық ақпараттың ашық әрі қолжетімді түрде жеткізілуі жастардың өз құқықтарын қорғауға және қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет етуге көмектесетінін айтты. Ұйымдастырушылар да бұл форматтағы кездесулердің алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.



Спикерлерге ұйымдастырушылар тарапынан спикерлерге еңбектері мен құнды ақпараттары үшін алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Егерде сіз қоғамдық орындарда құқықбұзушылықты байқасаңыз, @zhastarmen_almaty Instagram парақшасына хабарлап, тегін кофе мен арнайы билет ұтып алу мүмкіндігіне ие бола аласыз.



Толқын фест: музыка тоғыстырған кеш



Толқын фест — студенттік IT FM радиосы ұйымдастыратын жыл сайынғы музыкалық фестиваль. Биыл шара 13 ақпанда, Валентин күнімен және Халықаралық радио күнімен қатар өткізілді.



Шараның ашылуы Shadows би тобының жарқын қойылымымен басталып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Фестиваль бағдарламасы мазмұнды әрі қызықты өтті. Қатысушылар «Әуенді тап», «Перемотка», «Жолды жалғастыр», «Әнсіз әуен» сияқты ойындарға қатысып, музыкалық білімдері мен жылдамдықтарын сынады.



Сонымен қатар сахнада Ауен тобы өнер көрсетіп, кештің көркін қыздырды.



Ұйымдастырушылар әр кезге арнайы жауап бланкілерін дайындап, қатысушылардың гаджеттерсіз-ақ атмосфераға толық енуіне жағдай жасады. Бұл тәсіл қатысушылардың назарын тек тапсырмаларға шоғырландырып, ойынның қызығын толық сезінуге мүмкіндік берді.



Квизге қатысушылар жеке немесе 2–3 адамнан құралған топпен бақ сынады. Нәтижесінде үздік үш командаға IT FM стикерпақтары мен университеттің мерчтері табысталды.

Бұл сыйлықтар қатысушылар үшін естелік болумен қатар, фестивальдің ерекше рухын сақтап қалды. Дәстүр бойынша кеш соңында барлық қатысушылар бірге караоке айтып, ән шырқап, фестиваль көтеріңкі көңіл күймен аяқталды.



Бір қызығы, караоке кезінде әркімнің дауысы мен көңіл-күйі бір-бірімен үйлесіп, іс-шараға келген барлық адамдарды біртұтас музыкалық қауымдастыққа айналдырды.



Әр қатысушы фестивальден тек білімі мен естеліктерін ғана емес, сонымен қатар достық пен шығармашылық қуатты да алып қайтты.



Толқын Фест тек музыкалық жарыс қана емес, сонымен қатар студенттердің шығармашылығын, командалық жұмысын және шығармашылық қабілеттерін шындығын ерекше алаңға айналды.



ALL SHADOWS BATTLE ITU 2026:БИ ЖАРЫСЫ

2026 жылдың 15 ақпанында Алматы қаласының Алмалы ауданында орналасқан Комьюнити орталығы заманауи көше би мәдениетінің орталығына айналды. Жастардың еркін өнерін көрсететін орталығы болды.



Дәл осы жерде «All Shadows Battle ITU 2026» қалалық би жарысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



Жарыс бағдарламасы Hip-Hop, Popping, Waacking және All Styles бағыттары бойынша өткізілді. Іс-шараға 238 қатысушы қатысты, олардың қатарында студенттер, мектеп оқушылары және шығармашылыққа бейім белсенді жастар бар еді. Жарыс басталар алдында тіркеу жүргізіліп, сахнаға шығу тәртібі мен уақыт лимиті нақты түсіндірілді.



Кезеңнен өткен қатысушылар бағлау жолдама алып, келесі турда бір-бірімен бетпе-бет шықты.



Әр қатысушы сахнаға шыққанда қобалжу мен сенімділік қатар байқалды, бірақ әуен басталған сәтте барлығы көрермендерді энергияға еріксіз тарта білді.

Шэдоус батл кәсіби деңгейде ұйымдастырылды.





Іріктеу кезеңінде әр қатысушы сахнаға жеке шығып, бір минут уақыт ішінде өз техникасын, ырғақты сезіну қабілетін, қимылдарының үйлесімділігін, сахнадағы еркіндігін және харизмасын көрсетті. Көрермендер бір-бірін белсенді қолдап, жігер беріп отырды, бұл сахнадағы атмосфераны жандандырды.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылардың үйлесімді жұмысы анық байқалды, сонымен қатар, әр кезең нақты уақытпен өтіп, сахна ауысымдары кідіріссіз жүзеге асырылды.



Қатысушылардың өнерін кәсіби қазылар алқасы бағалап, әділ шешім қабылдады. Іс-шара барысында жеңімпаздар мен финалистерге ақшалай сыйлықтар табысталды.



Popping және All Styles санаттары бойынша жеңімпаздарға 30 000 теңге, ал барлық санаттағы финалистерге 20 000 теңге сыйақы берілді. Музыкалық сүйемелдеуді DJ Dilyarb пен DJ Rball қамтамасыз етті.



All Styles санатында жеңіс Дана Алибековаға бұйырса, финалға өту Марал Төлеуғенова бұйырды. Нір-Нор бағытында, Диас Қалдығожа жеңімпаз атанып, финалда Айсара Ысмағұл өнер көрсетті.

Popping санатында Мирон Воробьев жеңіске жетіп, финалист Алина Үмбетжанова болды.



ӨШПЕС ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ



Кештің басты қонағы — Ауған соғысының ардагері, елжандылық пен батылдықтың тірі үлгісі Ермекбаев Бердали Мадалиевич болды. Кездесу барысында Бердали Мадалиевич студенттермен бетпе-бет жүздесті.

15 ақпан тарих парағында Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылған күні ретінде қалып, Отан алдындағы борышын адал атқарған жауынгерлерді ұлықтайтын айтулы күн. Университеттің акт залында сағат 12:00 де айрықша кездесу өтті.



Б.Мадалиевичтің айтқан оқиғалары залды тебіrentпей қоймады. Студенттер батырлықтың майдан даласында, өмірдің әрбір сәтінде жауапкершілікпен әрекет етуден басталатынын ұғынды.



Сұрапыл соғыс жылдарында бастан кешкен қиындықтары мен жауынгерлік жолы туралы кеңінен әңгімелеп берді. Ол майдан даласындағы ауыр сәттерді, сарбаздар арасындағы достық пен өзара қолдауды, Отан алдындағы жауапкершіліктің қаншалықты маңызды болғанын ерекше атап өтті.

Ардагер өз сөзінде соғыстың қатыгездігін, Отанға деген махаббат пен сертке адалдықтың маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол кісінің айтуынша, батылдықтың қорықпау емес, қорқынышты жеңе білу және қиын сәтте жолдасыңды қалдырмау.





Жастық шақ және жауынгерлік рух: 18-20 жасар бозбалалардың жат жерде, таулы өлкеде көрсеткен қайсарлығы. Бейбітшіліктің қадірі: Соғысты көрген адам ретінде ол қазіргі жастарға тыныш аспан астында білім алудың қандай бақыт екенін жеткізді.



Ардагер бүгінгі күннің батыры — ол тек қару ұстаған адам емес, өз ісінің маманы болып, елінің дамуына үлес қосып жүрген білімді жастар екенін айтты.

Акт залына жиналған студенттер мен оқытушылар құрамы ардагерді үлкен құрметпен тыңдап, көкейдегі сауалдарын қойды. Ардагер өз өмір жолы, қызмет барысындағы қиындықтар мен жетістіктер туралы әсерлі әңгімелер айтып, жастарды елін сүйіп, адал еңбек етуге шақырды.



Кездесу барысында жастар ардагердің өмірлік тәжірибесінен тағылым алып, патриотизм, жауапкершілік және адамгершілік туралы құнды ойлармен бөлісті. Кафедра студенттері өздерінің қызықтырған сұрақтарын қойып, ардагерден өмірлік кеңестер алды.



Кездесу соңында жастар Бердали Мадалиевичке өз ризашылықтарын білдіріп, естелік суреттерге түсті. Бұл шара жай ғана кездесу емес, екі буын арасындағы рухани сабақтастықтың алтын көпіріне айналды.



Б.Мадалиевичтің өнегелі өмірі мен батылдығы нағыз патриотизмнің үлгісі болып қалады. Ардагердің айтқан ақыл-кеңестері мен өмірлік ұстанымдары жастардың жүрегінде ұзақ уақыт сақталды.



Осындай тағылымды кездесулер студенттердің ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелейді. Олар жастардың тарихи рухын және санасын қалыптастырды.

СИРЕНЕВЫЙ PRОРЫВ – 2026: PR САЛАСЫ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

18 ақпан күні Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті қабырғасында журналистика және PR мамандығы студенттеріне арналған мазмұнды шеберлік сабағы өтті. «Сиреневый PRорыв – 2026» атты бұл кездесу болашақ мамандарға қоғаммен байланыс саласының қыр-сырын таныстырып, кәсіби дамуға бағыт-бағдар берген маңызды шаралардың бірі болды. Іс-шараны университеттің Медиа-коммуникация және Қазақстан тарихы кафедрасы ұйымдастырды. Кездесудің басты мақсаты – студенттерді «Елдік PR: Қазақстанның имиджі» атты бейнероликтер байқауымен таныстыру және PR саласының мүмкіндіктері туралы кеңінен ақпарат беру.




Шара барысында қатысушылар байқаудың номинациялары, қатысу шарттары мен шығармашылық идеяларды жүзеге асыру жолдары туралы білді.



Мастер-класс спикерлерінің бірі – танымал PR маманы, қазақстандық «PR-шы» клубының негізін қалаушы Майраш Тайкенова болды. Ол өз сөзінде PR саласындағы тәжірибесімен бөлісіп, болашақ мамандарға маңызды кеңестер айтты. Спикердің пікірінше, PR – тек жарнама немесе ақпарат тарату емес, бұл қоғаммен дұрыс байланыс орнату, сенім қалыптастыру және ұйымның оң имиджін қалыптастыруға бағытталған күрделі үдеріс.



Лекция барысында тиімді коммуникацияның маңызы ерекше атап өтілді. Қазіргі таңда кез келген ұйымның немесе компанияның табысты дамуы дұрыс құрылған коммуникацияға байланысты екені айтылды. Ұйым қоғаммен, тұтынушылармен және серіктестермен ашық әрі сенімді байланыс орнатқан жағдайда ғана тұрақты нәтижеге қол жеткізе алады.



Сонымен қатар, спикер компанияның дамуына әсер ететін PR стратегиялар туралы да түсіндірді. Оның айтуынша, компанияның беделі мен бренді тек өнім сапасына ғана емес, қоғаммен байланыс жұмысының дұрыс жүргізілуіне де тікелей байланысты.



Осы орайда ол аудиторияны зерттеу, медиамен жұмыс істеу, ақпаратты дұрыс жеткізу және компанияның жағымды имиджін қалыптастыру тәсілдері жөнінде нақты мысалдар келтірді.



Әсіресе болашақта жақсы маман болу үшін үнемі ізденіс үстінде болу, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту және адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білу қажет екені ерекше айтылды. Шара соңында студенттер алдағы «Сиреневый PRорыв» фестивалі туралы да ақпарат алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл бұл жоба фестиваль форматында өтеді. 24 сәуір күні байқауға ұсынылған ең үздік бейнероликтер көрсетіліп, кәсіби қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды



Бұл шеберлік сабағы студенттер үшін өте пайдалы әрі әсерлі кездесу болды. Қатысушылар PR саласының қыр-сырын тереңірек түсініп, болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырды. Осындай тәжірибелі мамандармен кездесулер жастарға жаңа идеялар беріп қана қоймай, олардың кәсіби бағыттарын айқындауға үлкен мүмкіндік береді.


М а й р а ш Тайкенова Қазақстандағы PR саласының дамуына үлкен үлес қосқан тәжірибелі мамандардың бірі. Ол кезінде «Фуд-Мастер» компаниясының қалыптасуына қатысып, сондай-ақ «Chechil» ірімшігі, «Piko» шырыны және «Kunduz» сияқты брендтердің қалыптасуына үлес қосқан.



Сонымен бірге «HackDay Kazakhstan», «Robocon games» сияқты бірқатар ірі жобалардың авторы. PR саласындағы еңбегі үшін ол «Ақ Мерген» ұлттық сыйлығының «Жыл шебері – 2015» номинациясының лауреаты атанған. Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, PR саласына қатысты пайдалы кеңестер алды.



БҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ АРНАЛҒАНВОРКШОП



Халықаралық технологиялар университетінде “Unauthorized IAM Credential Use: Simulation and Detection” атты воркшоп өтті. Іс-шара бұлттық қауіпсіздікке қызығатын студенттер мен ІТ мамандары үшін ұйымдастырылып, қатысушыларға IAM (Identity and Access Management) жүйелеріндегі есептік жазбаларды заңсыз пайдалану қауіптерін түсіндіру және оларды тиімді анықтау әдістерін тәжірибелік түрде көрсетуге бағытталды.



Воркшоп Ino Center ғимаратында 16 ақпанда өткізілді. Іс-шара сағат 17:00-ден 20:00-ге дейін жалғасып, үш сағаттық интенсивті бағдарлама бойынша ұйымдастырылды.



Іс-шараға ІТ саласына қызығатын студенттер, тәжірибелі бағдарламашылар, киберқауіпсіздік мамандары және бұлттық жүйелерді қолданатын әртүрлі ұйымдардың қызметкерлері қатысты.

Қатысушылар бұл шарадан тек теориялық білім алып қана қоймай, нақты практикалық дағдыларды үйренді. Іс-шара модераторлары мамандардың жетекшілігімен жүргізіліп, қауіпсіздік сценарийлерін симуляциялау, логтарды талдау, шабуылдарды ерте кезеңде анықтау сияқты тәжірибелік тапсырмаларға ерекше мән берілді.




IAM жүйелері – бұлттық платформаларда пайдаланушылардың қолжетімділігін басқаруға арналған негізгі құрал. Бұл жүйелер әрбір қолданушыға немесе сервиске қандай әрекеттер жасауға болатынын белгілейді. Алайда егер шабуылдаушылар IAM есептік жазбасының логині мен құпиясөзін немесе API кілтін қолға түсірсе, олар жүйеге заңды пайдаланушы сияқты кіріп, қауіпті әрекеттер жасай алады.



Мұндай жағдай Unauthorized IAM Credential Use, яғни есептік деректерді рұқсатсыз пайдалану деп аталады. Бұл – заманауи бұлттық қауіпсіздіктің ең өзекті мәселелерінің бірі, себебі шабуылдаушылар ұйымға үлкен экономикалық және ақпараттық шығын келтіруі мүмкін. Воркшоп барысында қатысушылар нақты сценарийлерді талдады. Бірінші бөлімде мамандар IAM жүйелеріндегі негізгі қауіптерді түсіндірді: есептік жазбалардың ұрлануы, фишинг шабуылдары, репозиторийде құпия кілттердің ашық қалуы, дұрыс конфигурацияланбаған рұқсаттар.

Қатысушылар осы қауіптерді тек теориялық тұрғыдан ғана емес, нақты мысалдар арқылы да көрді. Мысалы, шабуылдаушы сервис кілтін пайдаланып жүйеге кіріп, маңызды деректерге қол жеткізуге тырысқан жағдайлар қарастырылды.



Воркшопқа қатысушылар үшін өте пайдалы әрі қызықты өтті. Олар тек жаңа білім алып қана қоймай, тәжірибелік тапсырмалар арқылы өз дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ іс-шара жастардың киберқауіпсіздік саласына қызығушылығын арттырып, болашақ мамандардың кәсіби дамуына ықпал етті.


Бұлттық технологияларды қолдану қазіргі уақытта ұйымдар үшін маңызды. Дегенмен, есептік жазбалардың рұқсатсыз қолданылу қаупін түсіну және оны анықтау қабілеті кез келген IT маман үшін маңызды дағды болып саналады. Осындай воркшоптар мамандарға заманауи қауіптерді түсінуге және олармен тиімді күресуге мүмкіндік береді. Іс-шара қатысушылар үшін бағалы тәжірибе болды және болашақта да осындай білім беру іс-шараларының қажеттілігін көрсетті.



ШКІРСАЙЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ: ІІТУ СІР ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Жуырда Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті қабырғасында өткен ІІТУ Сір дебат турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, табысты түрде өз мәресіне жетті. Іс-шара жастардың естерінде ұзаққа қаларлықтай өтті.



Аталған турнир зияткерлік бәсеке ғана емес, сонымен қатар пікір алмасу, тәжірибе жинау, жаңа идеялар қалыптастыру және жас спикерлердің әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін маңызды интеллектуалдық алаңға айналды. Турнир университеттегі дебат мәдениетінің дамып келе жатқанын және жастардың қоғамдық мәселелерге бейжай қарамайтынын айқын көрсетті.



Қатысушылар заманауи технологиялардың қоғамға ықпалы, әлеуметтік жауапкершілік, адам құндылықтары, еркіндік пен міндет арақатынасы секілді өзекті тақырыптарда өз ұстанымдарын қорғады.



Әр команда логикалық ойлау қабілетін, құрылымды аргументацияны және шешендік шеберлікті жоғары деңгейде көрсете отырып, қарсы тараптың пікіріне жедел әрі дәл жауап беруге тырысты. Бұл өз кезегінде турнирді тартысты әрі мазмұнды етті.

Турнир бірнеше іріктеу раундтарынан, жартылай финал және финал кезеңдерінен тұрды. Әр кезеңде командалардың аргумент сапасы, талдау тереңдігі, фактілерді қолдану деңгейі және қарсы тараппен жұмыс істеу шеберлігі әділқазылар алқасы тарапынан жан-жақты бағаланды.




Раундтар барысында қатысушылардың кәсіби тұрғыда өскені, ойлау деңгейінің әр кезең сайын күрделене түскені анық байқалды.

Мен бұл турнирге белсенді қатысып, командаларды қолдап қана қоймай, раундтарға төрелік еттім. Сонымен қатар жас спикерлердің дамуына үлес қосып, бүгін сіздер білетін Архаттарды қалыптастыру жолында еңбек еттім.



Турнир барысында дебаттын тек жеңіс үшін емес, тұлғалық өсу, жауапкершілік пен сыни ойлау мектебі екенін тағы бір мәрте айқын сезіндім. Әсіресе жаңа қатысушылардың батылдық танытып, өз ойын еркін жеткізуі ерекше қуантты. Турнир қорытындысы бойынша 1-орынды «Лучшие Русалина и Архат из всех русалин и архатов которые вы знаете» командасы иеленді. Команда құрамында Русалина Разиева мен Архат Тургангалиулы өнер көрсетті.

Олар мықты аргументациясымен, сенімді сөйлеу мәдениетімен, қарсы тарапты тыңдай білу қабілетімен және жоғары деңгейдегі командалық үйлесімімен ерекшеленді. Финалдық раундта олардың тактикалық ойлауы мен салмақты шешімдері жеңіске лайық екенін дәлелдеді.



Жалпы алғанда, ІІТУ Сир — жас көшбасшыларды қалыптастыратын, сыни ойлауды дамытатын, пікір алуандығын құрметтеуге үйрететін және университеттегі интеллектуалдық ортаны нығайтатын маңызды алаң екенін тағы бір рет дәлелдеді.



Мұндай турнирлер студенттердің академиялық білімін тәжірибемен ұштастырып, болашақта қоғамда өз ойын сауатты жеткізе алатын, жауапкершілігі жоғары азаматтардың қалыптасуына зор үлес қосады.

Сонымен қатар, турнир қатысушылар мен көрермендер үшін мотивациялық алаңға айналып, дебат мәдениетіне жаңадан қадам басып жүрген студенттерге үлкен серпін берді. Көпшілік үшін бұл шара өз күшін сынап көруге, пікірталас арқылы өзін дамытуға және болашақта ірі турнирлерге қатысуға деген сенімді арттырған маңызды тәжірибе болды.



ЖЕҢІСКЕ ДЕГЕН ЖІГЕР: ЕКІ ТАЙМ – ЕКІ НӘТИЖЕ

Алматыдағы студенттік спорт маусымы шешуші кезеңге жақындаған сайын алаңдағы әр матчтың салмағы арта түсті. Жанкүйерлер асыға күткен маңызды кездесулердің бірі 17–22 ақпан аралығында Спортзал ЦСКА, Сағпаева 6Б мекенжайында өтті.



Бірінші таймда команда ширақ қимылдап, өрнекті ойын көрсете отырып, қарсыластарынан 25:20 есебімен басым түсті.



Ойын алаңына шыққан Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университетінің қыздар командасы мен КазНПУ командасы арасында басталған бәсеке трибунадағы көрермендерді бірден баурап алды. Спортзалға жиналған студенттер, оқытушылар мен жанкүйерлер өз командаларын қолдауға атсалысты.

Ойын басталғаннан-ақ ХАТУ қыздары өз тактикасын сенімді түрде жүзеге асыра бастады. Эмоция, айқай — бәрі қосылды.



Бұл кезеңде ойыншылардың өзара түсінігі, берілген допты тиімді пайдалану және шабуыл кезіндегі дәлдігі ерекше көзге түсті. Сонымен қатар қорғаныста да керемет ойын көрсетіп көп ұпай жинады.



Екінші тайм да жоғары қарқында жалғасты. КазНПУ ойыншылары нәтижені теңестіруге тырысқанымен, ХАТУ қыздары ширақ әрекетімен және тұрақты ойын тәртібімен тағы да басым болды.



Тайм 25:21 есебімен аяқталып, жалпы есеп 2:0 болып тіркелді. Бұл жеңіс команданың маусым бойы жинаған тәжірибесі мен еңбегі. Бапкермен жанкүйерлердің де үлесі бар.



Ойын барысындағы жанкүйерлердің қолдауы ерекше болды. Трибуналардан шыққан қуатты дауыстар, мотивациялық ұрандар және команданы жігерлендіретін сөздер біздің ХАТУ қыздарына қосымша күш берді.

ХАТУ студенттерінің бірлігі мен ортақ рухы спортзалдың ішін ерекше атмосфераға бөлейді.



Жанкүйерлердің эмоциясы ойыншыларға стимул болып, жалпы университеттің бірлік рухын айқын көрсетті. Мұндай қолдау студенттік спорттың дамуына оң әсер етеді.



Жеңіс тек алаңдағы ұпаймен ғана емес, команда рухы, ұйымдасқан ойын және табандылығымен өлшенеді. Осы ойын бұл тұрғыда ХАТУ қыздарының шын мәнінде көшбасшы деңгейіне көтерілгенін дәлелдеді. Бірақта Абай университетіде қалыспады.



Студенттік спорт — тек жарыс емес, ол университетті біріктіретін мәдениет пен жастар энергиясының көрінісі. Баршаңызды алдағы ойындарда өз командаларыңызды қолдауға шақырамыз!



Жеңіс — күнделікті жаттығу, тәртіп пен командалық рухтың нәтижесі. Бұл табыс командаға сенім беріп, алдағы ойындарға жігер қосады.

ГЕЙМДЕВ ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ

ХАТУ университетінде геймдев саласының тәжірибелі мамандарымен ерекше кездесу өтті. Іс-шара студенттерге ойын индустриясының дамуы, жаңа технологиялар және шығармашылық мүмкіндіктер туралы кеңірек мәлімет беруге арналды.

Кездесу барысында спикерлер өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, ойын индустриясында табысқа жетудің негізгі жолдары туралы айтты. Мамандар өздерінің бұл салаға қалай келгенін, алғашқы кезеңдегі қиындықтарды қалай жеңгенін және кәсіби тұрғыда дамудың қаншалықты маңызды екенін түсіндірді. Олар студенттерге жаңа мүмкіндіктерді іздеуден қорықпау керектігін атап өтті.




Сонымен қатар, халықаралық компанияларда жұмыс істедің ерекшеліктері, талаптары және заманауи IT саласындағы бәсекелестік туралы маңызды ақпараттар берілді.

Lead Environment Artist Александр Пухов ойын ортасын жобалау, кеңістікті дұрыс ұйымдастыру және көркемдік стиль қалыптастырудың негізгі қағидалары туралы кеңінен баяндады. Ол Fortnite пен World of Warcraft жобаларында жинақтаған тәжірибесіне сүйене отырып, жарық пен көлеңкені дұрыс пайдалану.




Lead Environment Artist Александр Пухов ойын ортасын жобалау саласындағы тәжірибесімен бөлісті. Ол ойын әлеміндегі кеңістікті дұрыс ұйымдастыру, ойыншылар үшін ыңғайлы әрі қызықты орта қалыптастыру және визуалды атмосфера құрудың маңыздылығы туралы кеңінен баяндады.



Game Designer Аркадий Молдавский стартап құру, мықты команда жинақтау және ойын идеясын табысты коммерциялық жобаға айналдыру жолдары туралы айтты.

Іс-шара барысында студенттер шағын топтарға бөлініп, қысқа уақыт ішінде өз ойын концепцияларын ойлап тауып, оны көпшілік алдында таныстырды.



Кездесу соңында студенттер өз эсерлерімен бөлісіп, мұндай іс-шаралар кәсіби бағыт таңдауға, мотивацияны арттыруға және жаңа мүмкіндіктерді ашуға үлкен көмегін тигізетінін айтты.

Сонымен қатар, әлемдік нарықтағы бәсекелестік туралы айтылды.





Александр Пухов Fortnite және World of Warcraft сияқты әлемге танымал жобалардағы жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, ойын графикасын жасау барысында жарық, көлеңке және түстердің үйлесімділігін дұрыс қолданудың маңызын түсіндірді. Ол студенттерге сапалы визуалды контент жасау үшін шығармашылық көзқарас пен техникалық білімнің қатар дамуы қажет екенін айтты.

Game Designer Аркадий Молдавский геймдев саласында өз бизнесін құру тәжірибесімен бөлісті. Ол стартап құру, дұрыс команда жинақтау және ойын идеясын толыққанды жобаға айналдыру процесі туралы жан-жақты түсіндірді.



Іс-шара барысында студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық тапсырмалар орындау мүмкіндігіне де ие болды. Қатысушылар шағын топтарға бөлініп, қысқа уақыт ішінде өздерінің ойын концепцияларын ойлап тауып, оны көпшілік алдында таныстыру тапсырмасын орындады.



Практикалық жұмыс барысында студенттер өзара пікір алмасып, команда ретінде жұмыс істеудің маңызын түсінді. Бұл тапсырма студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыты



Кездесу соңында қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, іс-шараның өте қызықты әрі пайдалы болғанын айтты. Көптеген студенттер геймдев саласына деген қызығушылығы артқанын және болашақта осы бағытта дамуға ниетті екенін жеткізді.




«BILIMHACK ALMATY – 2026» ҚАЛАЛЫҚ ХАКАТОНЫ



Хакатонды Алматы қаласы Білім басқармасы ұйымдастырып, студенттердің цифрлық құзыреттерін дамытуға, қолданбалы инновацияларды қолдауға және техникалық әрі кәсіптік білім беру жүйесіндегі заманауи дағдыларды қалыптастыруға бағыттады.



Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті – ХАТУ) алаңында колледж студенттері арасында «BilimHack Almaty – 2026» қалалық хакатоны өтті. Аукымды технологиялық іс-шараға Almaty қаласындағы колледждердің 200-ден астам студенті мен 72 команда қатысты. Бұл жарыс өте тартысты жарыстардың бірі болды.



Бұл бастама өткен жылы жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында қолға алынып, жастар арасында инженерлік және технологиялық ойлауды дамытуға, сондай-ақ жұмысшы мамандықтарды цифрлық экономика талаптарына бейімдеуге бағытталған. Сонымен қатар жоба елде жарияланған цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту бастамалары аясында жүзеге асырылды.



Хакатонның басты мақсаты – колледж студенттеріне кәсіби білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық алаң құру. Қатысушылар пәнаралық командалар құрамында жұмыс істеп, нақты мәселелерді шешуге арналған технологиялық жобаларды әзірледі. Мұндай формат білім беру жүйесін, бизнес пен IT қауымдастығын біріктіріп, теориялық білімнен нақты жобалық және кәсіпкерлік қызметке көшуге жол ашады.






Екі күнге созылған хакатон барысында студенттер түрлі цифрлық жобалар әзірледі. Олардың қатарында білім беру ортасын жетілдіруге арналған платформалар, кәсіби бағдар беруге көмектесетін сервистер, инклюзивті цифрлық шешімдер және оқу процесіне жасанды интеллект элементтерін енгізуге бағытталған жобалар болды.

Іріктеу кезеңінің нәтижесінде сарапшылар алқасы ең үздік деп танылған 40 команданы финалдық кезеңге өткізді. Финалда қатысушылар өз жобаларын IT индустриясы мен технологиялық бизнес өкілдерінен құралған сарапшылар алдында қорғады.

Хакатон қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Жалпы жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады. Бірінші орынды АУЭС колледжінің командасы иеленіп, 500 мың теңге жүлде алды. Екінші орын Алматы сервис және технологиялар колледжінің командасына бұйырып, олар 300 мың теңгемен марапатталды.



Ал үшінші орынды Инновациялық техникалық колледждің студенттері алып, 200 мың теңге жүлде иеленді. Жобалар инновациялық деңгейі, техникалық жүзеге асырылуы, практикалық маңыздылығы және болашақта кеңейту мүмкіндігі сияқты критерийлер бойынша бағаланды. Бұл хакатон жас мамандардың креативтілігі мен техникалық білімін көрсетуге үлкен мүмкіндік берді. Қатысушылар өз жобаларын жоғары деңгейде қорғап, қазылар алқасының оң бағасына ие болды.

Жарыс өте тартысты болды. Хакатон қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Жалпы жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады. Бірінші орынды АУЭС колледжінің командасы иеленіп, 500 мың теңге жүлде алды. Екінші орын Алматы сервис және технологиялар колледжінің командасына бұйырып, олар 300 мың теңгемен марапатталды. Ал үшінші орынды Инновациялық техникалық колледждің студенттері алып, 200 мың теңге жүлде иеленді.



«ТАЗА ҚАЛА» ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (ХАТУ) «Таза қала» жобасына арналған арнайы кездесу өтті. Іс-шараға EcoCode экологиялық клубының мүшелері, студенттер және Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты. Кездесу ашық пікір алмасу форматында ұйымдастырылып, қатысушылар қала экологиясының қазіргі жағдайы мен оны жақсарту жолдарын талқылады.



Әсіресе тұрмыстық қалдықтарды басқару, қаланы абаттандыру, көгалдандыру, қоғамдық орындардың тазалығы және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Пікірталас барысында «Таза қала» жобасының негізгі мақсаттары мен міндеттері айтылды. Жоба аясында қаланы тазалау бойынша сенбіліктер ұйымдастыру, ағаш отырғызу акцияларын өткізу, қоқысты сұрыптау мәдениетін дамыту және жастарды экологиялық бастамаларға кеңінен тарту ұсынылды.



Қатысушылар экология мәселесін шешуде жастардың белсенді рөлі маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар ұйым өкілдері қалада экологиялық бағдарламалар туралы ақпарат беріп, студенттердің ұсыныстарын тыңдады.

Университеттер мен жастар ұйымдарының экологиялық жобаларға қатысуы қала дамуына оң әсер ететінін жеткізді. Кездесу барысында тараптар экология саласындағы ынтымақтастықты күшейту қажеттігін атап өтіп, болашақта бірлескен жобаларға дайын екендерін білдірді.



Мұндай іс-шаралар студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. EcoCode экологиялық клубының мүшесі экология мәселесі тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі деп айтып кетті.



Қоршаған ортаны қорғау қоғамның ортақ міндеті болуы тиіс, ал бұл бағытта жастардың рөлі ерекше екенін атап өтті.



Сонымен қатар ХАТУ THE Impact Rankings 2025 халықаралық рейтингіне енгені туралы айтылды. Аталған рейтинг университеттердің БҰҰ-ның даму мақсаттарына қосқан үлесін бағалайды. Көрсеткіш бойынша үздік университеттердің 1501+ қатарына кіріп, сапалы білім беру, инновация және халықаралық ынтымақтастық бағыттарындағы жетістіктерін дәлелдеді.



Ашық әңгіме тек формалды шара болудан әлдеқайда асып, студенттер мен ұжым басшылары жұмыс жасауына нақты мүмкіндік туғызды.

Қаланы тазалау – бұл тек көріністі емес, сонымен қатар экологиялық ахуалды жақсарту, тұрғындардың денсаулығын сақтау, қаланың туризмге тартымдылығын арттыру мақсатында маңызды іс-шара. Кездесуге шамамен 40 студент қатысты. Пайдалы ойлармен бөлісіп іс-шарада көзге түсті.




Мұндай ашық пікір алмасулар студенттердің жауапкершілігін арттырып, олардың ой-пікірін тыңдауға, ұсыныстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қаладағы экологиялық бастамаларға жаңа серпін береді.

Кездесу барысында жастар қаланың экологиялық жағдайын жақсарту жолдарын, тұрақты даму принциптерін және экологиялық мәдениетті қалыптастыру әдістерін жан-жақты талқылады.



MISS IT 2026- ХАТУ ҚОЛЛЕДЖІНДЕ АРУЛАР БАЙҚАУЫ

Көктемнің шуақты мерекесі - 8 наурыз қарсаңында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің колледжінде дәстүрлі «MISS IT – 2026» сұлулық және өнер байқауы жоғары деңгейде өтті.



Іс-шараның салтанатты ашылуында колледж директоры Фаина Валиевна Буркутбаева қатысушыларды құттықтап, «Бұл байқау - студенттердің тек сыртқы сұлулығын ғана емес, ішкі мәдениетін, таланты мен көшбасшылық қасиеттерін танытатын мүмкіндік» деп атап өтті. Оның жылы лебізі залдағы аруларға шабыт сыйлап, мерекелік көңіл күйді одан әрі жандандырды.

Биыл финалға 7 ару жолдама алып, бірнеше кезең бойынша сынға түсті. Өзін таныстыру кезеңінде әр қатысушы өз өмірлік ұстанымы мен қызығушылықтарын көрерменге паш етті. Шығармашылық бөлімде қыздар ән айтып, би билеп, арнайы фильмдік мини-қойылымдар қойып, өздерінің сахналық қабілетін паш етті.



Байқаудың интеллектуалдық кезеңінде, қатысушылар халықаралық технологиялар, мәдениет, білім және қоғам туралы сұрақтарға жауап беріп, өзінің ойлау қабілеті мен тапқырлығын дәлелдеді. Бұл сәт көрермендерге әр арудың жан-жақты екенін байқатты.



Байқау көрермендерге ерекше әсер сыйлап, залдағы мерекелік көңіл күйді одан әрі арттырды. Әр кезеңде қатысушылардың таланты мен шығармашылығы айқын көрініп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды, әр кезеңде қатысушылардың өнері мен ойлау қабілеті әділ бағаланды, бағалау 20, 30, 40, 50 балдық жүйе бойынша жүргізілді. Байқауды бағалау және шараның жоғары деңгейде өтуі үшін арнайы қазылар алқасы мен жүргізушілер құрамы жасақталды.





Қазылар алқасының құрамына педагог-ұйымдастырушы Ахан Асқар негізгі пәндер оқытушысы Гауһар Мизамовна, арнайы пәндер оқытушысы Светлана Сергеевна, сондай-ақ студенттік кеңес төрайымы Алайдарова Құрманай енді. Олар қатысушылардың шығармашылық қабілеті, сахна мәдениеті, талғамы мен зияткерлік деңгейін әділ бағалап, байқаудың сәтті өтуіне өз үлесін қосты.

Байқаудың ең қызығы - «Киношоу» кезеңі болды. Қатысушы арулар мультфильмдерден көріністер қойып, кейіпкерлердің образын ерекше сомдады. Сахнада Рапунцель, Шрек және Күлше қыз сынды кейіпкерлердің әлемі қайта жанданып, балалыққа жетеледі.



Финалдық кезеңде 6 нөмірлі қатысушы – Жуасбай Аружан жеңімпаз атанды. Тәжді оған алдыңғы жылғы Мисс IT – 2025 Ясмينا Курбанова тапсырды.

Жеңімпазға тәжден бөлек косметикалық сыйлықтар мен байқаудың басты сыйы - қымбат Dyson техникасы - табыс етілді. Аружанның өнері мен таланты көрермендер мен әділқазы алқасының жоғары бағасын алды.



Айта кетейік, «MISS IT» байқауы ХАТУ колледжінде студенттік мәдени өмірдің дәстүрлі жобаларының біріне айналған. Бұл жарыс колледжде қатарынан бесінші жыл ұйымдастырылып келеді.



Жыл сайын байқау студент қыздардың шығармашылық қабілетін, сахна мәдениетін және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталып, колледж жастары арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр.

ХАТУ-ДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР




Кездесу барысында университеттің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысты арнайы сұхбат ұйымдастырылды. Спикерлер студенттерге шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндіктері туралы кеңінен түсіндірді.

Сонымен қатар академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін қандай талаптар қойылатыны, оқу мерзімі және шамамен қандай шығындар болуы мүмкін екені туралы да нақты ақпарат берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бағдарламалар студенттердің білім деңгейін арттырады.



ХАТУ -да өткен ерекше кеш барысында Veritas ұйымы студенттерге арналған бірнеше маңызды жаңалықтар мен жаңа жобаларды таныстырды. Іс-шара университет жастары үшін тек көңілді кеш қана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер туралы ақпарат алмасатын алаңға айналды.



Бұл бағдарламаның студенттерге пайдасы зор. Мысалы, халықаралық тәжірибе жинауға, жаңа мәдениеттермен танысуға және кәсіби байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың бәсекеге қабілетті болуына жақсы ықпалын тигізеді.




Іс-шара барысында студенттерге университеттің PR бөліміне қосылып, тәжірибе жинау мүмкіндігі де ұсынылды. Бұл бастама әсіресе медиа, журналистика, маркетинг және коммуникация саласына қызығушылық танытатын жастар үшін пайдалы.



Басқосу барысында қойылған маңызды сұрақтардың бірі — «Бизнесіңіз қашан басталды?» деген сұрақ болды. Садық Шерімбек мырза өз кәсібін 19 жасында, екінші курста бастағанын айтты. Көптеген жобаларды іске асыра отырып, корпоративтік стратегия бағытына қызығушылығы артқан. Осылайша оның бизнес жолы қалыптаса бастаған.

Алғашында сайттарға арналған компанияларда веб-сайттар жасап, түрлі жобалармен айналысқан.



Пандемия кезеңінде спикерлердің бастамасымен онлайн даму платформалары оқушыларға тегін ұсынылғанын атап өтті.



Асқар Әлімханов мырза «жоқтан бар жасау» қағидасын ұстанатынын атап өтті. Оның айтуынша, жаңа жобалар мен тың идеялар дәл осы батылдықтан туады. Осылай іс-шара еркін әрі сенімді атмосферада өтті.

Студенттер белсенді сұрақ қойып, нақты кеңестер алды. Мұндай кездесулер түлектер мен студенттер арасында кәсіби қауымдастық қалыптастырып, тәжірибе алмасуға жол ашады.

Бұл кездесу студенттерге мотивация ғана емес, нақты әрекетке бастайтын ой салды. Табыс — кездейсоқтық емес, жүйелі еңбектің нәтижесі.



АВТОРЛАРЫ



АҚНҰР АҚЫЛБЕК
редактор



АҚНҰР БАҒДАТ
редактор



МАДИНА БАТАЙ



АҚМАРАЛ ҮСЕН



НҰРАЙ ИКИНА



МИРАС ЕРАЛЫ



**ЖАСМИН
ЖАКИПОВА**



ЕЛДАР СӘБИТ



**АЛЬБИНА
ЕСЖАН**



**АЯУЛЫМ
БАТЫРҒАЗЫ**



**АҚЕРКЕ
ЖАҚСЫБАЙ**

